



«Бекітемін»
№32 «Қуаныш» балабақшасының
менгерушісі: Р.А.Лекерова

МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасында 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңес жоспары

Әдістемелік кеңестің мақсаты:

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып сапалы тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру.

№	Әдістемелік кеңестің тақырыбы және қаралатын мәселелер	Өткізу формасы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары» 1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы. 2. Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын талқылау. 3. Педагогтердің өзіндік білім жетілдіру тақырыптарын бекіту. 4. Жас педагогтермен жұмысты ұйымдастыру.	Кеңес, талқылау	Қыркүйек	Менгеруші, әдіскер
2.	«Педагогтің кәсіби шеберлігі – білім сапасының кепілі» 1. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру. 2. Өзіндік білім жетілдіру жұмыстары. 3. Тәжірибе алмасу. 4. Педагогке әдістемелік көмек көрсету.	Семинар-практикум	Қазан	Әдіскер, педагогтер
3.	«Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар» 1. Ойын технологияларын қолдану. 2. Интерактивті әдістер. 3. Цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану. 4. Педагогтердің тәжірибесінен тиімді әдістер.	Шеберлік сағаты	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
4.	«Баланың жеке дамуын бақылау және мониторинг жүргізу» 1. Баланың жеке даму картасымен жұмыс. 2. Бастапқы мониторинг нәтижелерін талдау. 3. Балалардың дамуындағы қиындықтарды анықтау. 4. Жеке жұмыс түрлерін жоспарлау.	Практикалық семинар	Желтоқсан	Әдіскер, психолог, тәрбиешілер
5.	«Бірінші жартыжылдықтағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы» 1. Әдістемелік жоспардың орындалуы. 2. Педагогтердің кәсіби жетістіктері. 3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижелері. 4. Анықталған мәселелер және оларды шешу жолдары.	Талдау, рефлексия	Қаңтар	Әдіскер, педагогтер
6.	«Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» 1. Шығармашылық ортаны ұйымдастыру. 2. Бейнелеу, музыка, құрастыру арқылы шығармашылықты дамыту. 3. Еркін шығармашылық әрекеттер. 4. Педагогтердің шығармашылық тәжірибесі.	Шығармашылық шеберхана	Ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі
7.	«Экологиялық тәрбие және еңбек дағдыларын қалыптастыру» 1. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.	Семинар-практикум	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер

	2. Балаларды еңбекке баулу. 3. Экологиялық дамытушы ортаны ұйымдастыру. 4. Экологиялық жобаларды талдау.			
8.	«Балаларды мектепке дайындаудағы педагогтің кәсіби әрекеті» 1. Мектепалды топ балаларының құзыреттіліктерін қалыптастыру. 2. Танымдық және коммуникативтік дағдылар. 3. Психологиялық дайындық. 4. Ата-аналармен бірлескен жұмыс.	Дөңгелек үстел	Сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер, психолог
9.	«2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы» 1. Жылдық жоспардың орындалуы. 2. Педагогтердің кәсіби даму нәтижелері. 3. Балалардың даму мониторингінің қорытындысы. 4. Озық тәжірибені анықтау. 5. Келесі оқу жылына ұсыныстар.	Қорытынды кеңес	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 29.08.2025ж

Қатысқандар: барлық педагогтар

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары»

Күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы және 2025–2026 оқу жылына қойылатын міндеттер.
2. «2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары» – әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Педагогтердің өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру және кәсіби қажеттіліктерін анықтау.
4. Жас педагогтермен жұмысты ұйымдастыру, тәлімгерлік жұмысты жолға қою.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Әдістемелік кеңес төрағасы Лекерова Р.А. 2024–2025 оқу жылында балабақшада атқарылған әдістемелік жұмыстардың қорытындысы туралы баяндама жасады. Өз сөзінде өткен оқу жылында әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, білім беру процесінің сапасын жетілдіру, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып дамытушы ортаны ұйымдастыру және педагогтердің шығармашылық ізденістерін қолдау болғанын атап өтті. Оқу жылы барысында педагогтермен әдістемелік кеңестер, семинарлар, практикалық жұмыстар, шеберлік сағаттары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, кеңестер мен тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілген.

Педагогтердің өз білімдерін жетілдіруіне жағдай жасау мақсатында жеке әдістемелік тақырыптары бойынша жұмыстар жүргізіліп, кәсіби тәжірибелерін жетілдіруге бағытталған тапсырмалар берілген. Сонымен қатар балабақшадағы тәрбие мен оқыту процесінің сапасын арттыруда педагогтердің заманауи әдіс-тәсілдерді, ойын технологияларын, шығармашылық тапсырмаларды, балаға бағытталған оқыту тәсілдерін пайдалануына басымдық берілген. Балалардың даму деңгейін бақылау және мониторинг жүргізу барысында олардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, қажет болған жағдайда жеке және топтық жұмыстар ұйымдастырылған.

Әдіскер өз баяндамасында әдістемелік жұмыстың оң нәтижелерімен қатар, алдағы уақытта жетілдіруді қажет ететін бағыттарға да тоқталды.

Атап айтқанда:

- педагогтердің озық тәжірибесін жүйелі түрде жинақтау;
- педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру;
- инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ата-аналармен педагогикалық серіктестікті күшейту;
- балалардың жеке даму нәтижелерін талдау;
- педагогтердің өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын нақты нәтижеге бағыттау қажеттілігі атап өтілді.

2025–2026 оқу жылында әдістемелік жұмысты жүйелі ұйымдастыру арқылы педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыру және тәрбиеленушілерге көрсетілетін білім беру қызметінің сапасын көтеру міндеті қойылды. Тәрбиеші Тенизбаева Н.О. өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың педагогтердің тәжірибесін жетілдіруге ықпалы болғанын атап өтті. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәжірибе алмасу жұмыстарын алдағы оқу жылында да жалғастыру қажеттігін айтты. Педагог-психолог Жолаушыбаева Л.А. педагогтердің кәсіби қызметінде балалардың эмоционалдық жағдайын, жеке ерекшеліктерін және психологиялық қажеттіліктерін ескерудің маңыздылығына тоқталды.

Әдіскер **Боташова У.Ж.** 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарымен таныстырды.

Әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау және білім беру процесінің сапасын арттыру. 2025–2026 оқу жылында әдістемелік жұмысты мына бағыттар бойынша жүргізу ұсынылды:

Бірінші бағыт – педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру.

Педагогтердің кәсіби білімін толықтыру, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру, тәжірибелік дағдыларын жетілдіру, өзара тәжірибе алмасу жұмыстарына жағдай жасау.

Екінші бағыт – заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану.

Балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес ойын, зерттеу, шығармашылық, интерактивті және басқа да тиімді әдістерді білім беру процесінде пайдалану.

Үшінші бағыт – балалардың жеке дамуын қолдау.

Әр баланың даму деңгейін бақылау, мониторинг нәтижелерін талдау және жеке қажеттілігіне сәйкес педагогикалық қолдау көрсету.

Төртінші бағыт – дамытушы ортаны жетілдіру.

Топтардағы пәндік-дамытушы ортаны балалардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және қажеттіліктеріне сәйкес толықтыру.

Бесінші бағыт – педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту.

Шығармашылық жобаларға, кәсіби байқауларға, семинарларға және тәжірибе алмасу алаңдарына қатысуын ынталандыру.

Алтыншы бағыт – жас педагогтерді қолдау.

Жас мамандарға тәжірибелі педагогтер тарапынан әдістемелік көмек көрсету, тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру.

Әдіскер әдістемелік кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жоспарын таныстырып, әр айда қарастырылатын мәселелерді түсіндірді. Жоспар бойынша қыркүйек айынан мамыр айына дейін әдістемелік кеңестің **9 отырысын** өткізу көзделген. Әдіскер **Боташова У.Ж.** педагогтің кәсіби өсуі оның өз білімін жүйелі түрде жетілдіруіне тікелей байланысты екенін атап өтті. Әр педагог оқу жылына өзіндік білім жетілдіру тақырыбын таңдап, сол тақырып бойынша жылдық жұмыс жоспарын құруы қажет.

Әдіскер **Боташова У.Ж.** жас педагогтердің кәсіби ортаға бейімделуіне қолдау көрсетудің маңыздылығын атап өтті. Жас маманға балабақшадағы құжаттарды жүргізу, перспективалық және циклограммалық жоспарлау, ұйымдастырылған іс-әрекетті ұйымдастыру, балалармен қарым-қатынас жасау, ата-аналармен жұмыс жүргізу және қауіпсіздік талаптарын сақтау бағыттары бойынша практикалық көмек көрсету қажеттігі айтылды. Жас педагогтерге тәжірибелі мамандарды тәлімгер ретінде бекіту ұсынылды. Тәлімгер мен жас педагог арасында өзара ынтымақтастық орнатылып, ай сайын әдістемелік көмек көрсету жұмыстары жүргізілуі қажет. Әдіскер педагогтерге оқу жылы барысында әдістемелік құжаттарды уақытылы және сапалы жүргізу, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлау кезінде балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, топтағы дамытушы ортаны жүйелі түрде жетілдіру қажеттігін ескертті. Сонымен қатар педагогтердің кәсіби байқауларға, семинарларға, вебинарларға және тәжірибе алмасу жұмыстарына белсенді қатысуы ұсынылды. Педагогтер тарапынан әдістемелік кеңес жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар айтылды.

Қаулы:

1. **2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.**
2. **Әдістемелік кеңес отырыстары жоспарға сәйкес ай сайын, қыркүйек–мамыр аралығында өткізілсін.**
3. **Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған семинар, практикум, шеберлік сағаты, дөңгелек үстел және тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын.**

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.

**МККК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 2 хаттамасы**

Күні: «02» қазан 2025 жыл

Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері – 16 адам

Қатыспағандар: ____

Тақырыбы: «Педагогтің кәсіби шеберлігі – білім сапасының кепілі»

Күн тәртібі:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы.
2. «Педагогтің кәсіби шеберлігі – білім сапасының кепілі».
3. Педагогтердің кәсіби өзін-өзі дамытуы және әдістемелік қажеттіліктері.
4. Педагогикалық тәжірибе алмасу және «Менің кәсіби дамуым» тақырыбында тәжірибелік таныстырылымдар.
5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы ақпарат берді.

Өткен кеңесте педагогтердің жеке кәсіби даму бағыттарын анықтау, өздігінен білім жетілдіру тақырыптарын бекіту, жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету және оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру міндеттері қойылғаны айтылды. Педагогтер өздерінің кәсіби даму тақырыптарын анықтап, әдістемелік жұмыстарға белсенді қатысын отырғаны атап өтілді.

Педагогтер өздігінен білім жетілдіру барысында әдістемелік әдебиеттерді оқу, тәжірибе алмасу, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу және заманауи педагогикалық әдістерді қолдану туралы пікірлерін білдірді.

Әдіскер Боташова У.Ж. «Педагогтің кәсіби шеберлігі – білім сапасының кепілі» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада педагогтің кәсіби шеберлігі баланың жеке ерекшелігін ескере білу, баламен тиімді қарым-қатынас орнату, ойын арқылы оқыту әдістерін пайдалану, ұйымдастырылған іс-әрекетті дұрыс жоспарлау, бақылау және педагогикалық рефлексия жүргізумен тығыз байланысты екендігі айтылды. Педагог үнемі ізденісте болып, өзінің кәсіби білімін жетілдіріп отыруы қажет. Заманауи педагог үшін баланың қызығушылығын ескеру, оның белсенділігін қолдау, дербестігі мен шығармашылығын дамыту маңызды екендігі атап өтілді.

Педагогтердің кәсіби өзін-өзі дамыту қажеттіліктері талқыланды. Әдіскер педагогтердің өз білімін жетілдіруі тек курстарға қатысумен шектелмей, күнделікті тәжірибені талдау, әріптестермен пікір алмасу, әдебиеттер оқу және жаңа әдістерді сынақтан өткізу арқылы жүзеге асатынын атап өтті.

Қаулы:

1. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
2. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Педагогтердің өздігінен білім жетілдіру тақырыптары бойынша жұмыс нәтижелері жинақталсын.
4. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау әдіскер Боташова У.Ж.-ға жүктелсін.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

Лекерова Р.А.

Хатшы:

Боташова У.Ж.

**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 3 хаттамасы**

Күні: «_03_» қараша 2025 жыл

Қатысқандар: _16_ педагог

Қатыспағандар: ____

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар»

Күн тәртібі:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар».
3. Ойын, интерактивті, шығармашылық және жобалық әдістерді қолдану.
4. Білім беру процесінде цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану.
5. Педагогтердің тәжірибе алмасуы. Шеберлік сынып.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. №2 әдістемелік кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтты. Педагогтердің кәсіби даму жоспарлары бойынша жұмыстар жүргізіліп, педагогтер арасында тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылғаны атап өтілді.

Әдіскер Боташова У.Ж. мектепке дейінгі ұйымдағы заманауи педагогикалық технологияларды қолдану ерекшеліктері туралы баяндама жасады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын технологиялары, шығармашылық тапсырмалар, зерттеу элементтері, жобалық жұмыстар, проблемалық жағдаяттар мен интерактивті әдістерді қолданудың маңыздылығы айтылды.

Заманауи технологияларды таңдауда баланың қауіпсіздігі, жас ерекшелігі, психологиялық жағдайы және жеке мүмкіндіктері ескерілуі қажеттігі атап өтілді.

Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қолданатын «Сұрақтар шеңбері», «Ойлан-тап», рөлдік ойындар, тәжірибе жасау, шығармашылық тапсырмалар сияқты әдістер туралы тәжірибелерімен бөлісті.

Цифрлық ресурстарды пайдалану мәселесі қарастырылды. Цифрлық материалдарды баланың қызығушылығын арттыру және көрнекілікті қамтамасыз ету құралы ретінде орынды пайдалану қажеттілігі айтылды.

1. Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану жұмыстары жалғастырылсын.
2. Педагогтердің тәжірибесінен тиімді әдіс-тәсілдер жинақталсын.
3. Әдістемелік қор электронды және қағаз түрінде толықтырылсын.
4. Әдістемелік жұмыстардың орындалуын бақылау әдіскер Боташова У.Ж.-ға жүктелсін.

Әдістемелік отырыс төрайымы:

 **Лекерова Р.А.**

Хатшы:

 **Боташова У.Ж.**

**МККК №32 «Қуаныш» балабақшасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 4 хаттамасы**

Күні: « 04 » желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: №32 «Қуаныш» балабақшасы

Қатысқандар: 16 педагог

Қатыспағандар: ____

Тақырыбы: «Баланың жеке дамуын бақылау және мониторинг жүргізу»

Күн тәртібі:

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Баланың жеке дамуын бақылау және мониторинг жүргізу».
3. Баланың жеке даму картасын жүргізу.
4. Балалардың дамуындағы қиындықтарды анықтау және жеке жұмыс ұйымдастыру.
5. Психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. баланың жеке даму мониторингін ұйымдастыру туралы баяндама жасады.

Мониторингтің негізгі мақсаты – баланың даму динамикасын анықтау, оның жетістіктері мен қосымша қолдауды қажет ететін бағыттарын айқындау екендігі айтылды. Балаларды бағалау барысында олардың жеке ерекшеліктері, жас ерекшелігі және мүмкіндіктері ескерілуі тиіс. Бақылау нәтижелері баланың жеке даму картасында белгіленіп, нәтижеге сәйкес педагогикалық жұмыстар жоспарлануы қажет.

Тәрбиешілер балаларды бақылау барысында кездесетін қиындықтар және оларды шешу жолдары туралы пікірлерін білдірді.

Педагогтер баланың даму көрсеткіштерін бір-бірімен салыстырудан гөрі, оның жеке даму динамикасын бақылаудың маңыздылығын атап өтті.

Қаулы:


Баланың жеке даму мониторингі педагогтердің күнделікті бақылауымен сабақтастықта жүргізіліп, алынған нәтижелер білім беру процесін жоспарлау кезінде ескерілсін.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.

**МКҚК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының
№ 5 хаттамасы**

Күні: « 8 » қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар: 16 педагог

Қатыспағандар: ____

Тақырыбы: Бірінші жартыжылдықтағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы.

Күн тәртібі:

1. №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Бірінші жартыжылдықтағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы.
3. Педагогтердің кәсіби жетістіктері.
4. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен семинарлардың нәтижесі.
5. Екінші жартыжылдықтағы негізгі міндеттер.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. 2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау жасады.

Бірінші жартыжылдықта педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, өздігінен білім жетілдіру, заманауи педагогикалық әдістерді қолдану, баланың жеке дамуын бақылау, тәжірибе алмасу және әдістемелік қолдау бағыттарында жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Педагогтер өздерінің жартыжылдықтағы кәсіби жетістіктері мен кездескен қиындықтары туралы айтты.

Ашық іс-әрекеттер өткізу, тәжірибе алмасу және әдістемелік кеңестердің педагогтердің кәсіби дамуына оң ықпал еткендігі атап өтілді.

Қаулы:

1. Бірінші жартыжылдықтағы жоспарланған жұмыстардың орындалуы талданып, екінші жартыжылдыққа міндеттер нақтылансын.
2. Тиімді педагогикалық тәжірибелер жинақталсын.
3. Әдістемелік жұмыстардың сапасын арттыруға бағытталған шаралар жалғастырылсын.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.

МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасы әдістемелік кеңесі отырысының

№ 6 хаттамасы

Күні: «_5_» ақпан 2026 жыл

Қатысқандар: _16_ педагог

Қатыспағандар: ____

Тақырыбы: «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту».

Күн тәртібі:

1. №5 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту».
3. Баланың шығармашылық ортасын ұйымдастыру.
4. Сурет салу, музыка, құрастыру, театрландырылған және шығармашылық ойындардың мүмкіндіктері.
5. «Шығармашылық шеберхана» тәжірибелік жұмысы.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесіне тоқталды.

Баланың шығармашылығын дамыту үшін оған еркін таңдау мүмкіндігін беру, әртүрлі материалдармен жұмыс жасауға жағдай жасау, өз ойын еркін білдіруге мүмкіндік беру қажеттігі айтылды.

Шығармашылық әрекет барысында баланың нәтижесінен бұрын оның белсенділігі, қызығушылығы, дербестігі мен қиялын қолдау маңызды екендігі атап өтілді.

Тәрбиешілер балалармен жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың түрлерін таныстырды. Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, ертегі құрастыру, сахналау және музыкалық шығармашылықтың тиімділігі туралы тәжірибелерімен бөлісті.

Қаулы:

Балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылып, әр баланың жеке қабілеті мен қызығушылығын қолдауға жағдай жасалсын.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.

МКҚК №32 «Қуаныш» балабақашасы әдістемелік кеңесі отырысының

№ 7 хаттамасы

Күні: « 5 » наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: 16 педагог

Қатыспағандар: ____

Күн тәртібі:

1. №6 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Экологиялық тәрбие және еңбек дағдыларын қалыптастыру».
3. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.
4. Жас ерекшелігіне сәйкес еңбек дағдыларын дамыту.
5. Экологиялық дамытушы ортаны ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы туралы айтты.

Экологиялық тәрбие баланың табиғатқа қамқорлықпен карауын, өсімдіктер мен жануарларды қорғауын, суды және электр энергиясын үнемдеуін, қоршаған ортаны таза ұстауын қалыптастыруға бағытталуы қажеттігі айтылды.

Балалардың жасына қарай қарапайым еңбек тапсырмаларын орындауы олардың жауапкершілігін, дербестігін және ұжымда әрекет ету дағдыларын қалыптастыратыны атап өтілді.

Тәрбиешілер топтардағы табиғат бұрыштары, бөлме өсімдіктерін күту, ауладағы тазалыққа қатысу, табиғатты бақылау және маусымдық еңбек түрлері туралы айтты.

Қаулы:

Экологиялық тәрбие мен еңбек дағдыларын қалыптастыру күнделікті оқу-тәрбие процесімен байланыстырыла отырып жүргізілсін. Баланың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінсін.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:

Боташова У.Ж.

МККК №32 «Қуаныш» балабақшасы әдістемелік кеңесі отырысының

№ 7 хаттамасы

Күні: « 5 » наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: 16 педагог

Қатыспағандар: ____

Күн тәртібі:

1. №6 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Экологиялық тәрбие және еңбек дағдыларын қалыптастыру».
3. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.
4. Жас ерекшелігіне сәйкес еңбек дағдыларын дамыту.
5. Экологиялық дамытушы ортаны ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы туралы айтты.

Экологиялық тәрбие баланың табиғатқа қамқорлықпен қарауын, өсімдіктер мен жануарларды қорғауын, суды және электр энергиясын үнемдеуін, қоршаған ортаны таза ұстауын қалыптастыруға бағытталуы қажеттігі айтылды.

Балалардың жасына қарай қарапайым еңбек тапсырмаларын орындауы олардың жауапкершілігін, дербестігін және ұжымда әрекет ету дағдыларын қалыптастыратыны атап өтілді.

Тәрбиешілер топтардағы табиғат бұрыштары, бөлме өсімдіктерін күту, ауладағы тазалыққа қатысу, табиғатты бақылау және маусымдық еңбек түрлері туралы айтты.

Қаулы:

Экологиялық тәрбие мен еңбек дағдыларын қалыптастыру күнделікті оқу-тәрбие процесімен байланыстырыла отырып жүргізілсін. Баланың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінсін.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.

МКҚК №32 «Қуаныш» балабақшасы әдістемелік кеңесі отырысының

№ 8 хаттамасы

Күні: «_02_» сәуір 2026 жыл

Қатысқандар: _16_ педагог

Қатыспағандар: ____

Тақырыбы: «Балаларды мектепке дайындаудағы педагогтің кәсіби әрекеті».

Күн тәртібі:

1. №7 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Балаларды мектепке дайындаудағы педагогтің кәсіби әрекеті».
3. Мектепалды топ тәрбиеленушілерінің негізгі құзыреттерін қалыптастыру.
4. Балалардың психологиялық, әлеуметтік және коммуникативтік дайындығы.
5. Ата-аналармен бірлескен жұмыс.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. балаларды мектепке дайындаудың негізгі бағыттары туралы баяндама жасады.

Мектепке дайындық тек әріп пен санды үйретумен шектелмейтіні, баланың өз ойын жеткізуі, тыңдай білуі, құрдастарымен қарым-қатынас жасауы, тапсырманы соңына дейін орындауы, өзіне-өзі қызмет көрсетуі, ережені сақтауы және жаңа ортаға бейімделуі маңызды екендігі айтылды.

Сөйледі:

Мектепалды топ тәрбиешілері балалардың оқу әрекетіне психологиялық дайындығы, сөйлеу белсенділігі, танымдық қызығушылығы, ұсақ моторикасы және әлеуметтік дағдылары бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат берді.

Педагог-психолог балалардың эмоционалдық дайындығына, мектеп туралы жағымды түсінік қалыптастыруға және баланың өзіне деген сенімін арттыруға бағытталған жұмыстарды атап өтті.

ҚАУЛЫ:

Мектепалды топ тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы кешенді түрде қарастырылып, әр баланың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық қолдау көрсетілсін.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.

№ 9 хаттамасы

Күні: « 14 » мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: 16 педагог

Қатыспағандар: ____

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы».

Күн тәртібі:

1. №8 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың қорытындысы».
3. Педагогтердің кәсіби даму нәтижелері.
4. Балалардың даму мониторингінің қорытындысы.
5. Педагогтердің озық тәжірибесін жинақтау және тарату.
6. 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары.

Тыңдалды:

Әдіскер Боташова У.Ж. №8 әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат берді.

Мектепалды топ тәрбиеленушілерін мектепке дайындау, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу және балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып педагогикалық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілгені айтылды.

Әдіскер Боташова У.Ж. 2025–2026 оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмыстарға қорытынды талдау жасады.

Оқу жылы барысында әдістемелік кеңестің жоспарланған отырыстары өткізіліп, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға, тәжірибе алмасуға, заманауи педагогикалық технологияларды енгізуге, балалардың жеке даму мониторингін жүргізуге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілгені атап өтілді.

Педагогтердің кәсіби ізденісі, өздігінен білім жетілдіруі және тәжірибелік жұмыстарға белсенді қатысуы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік бергені айтылды.

Сөйледі:

Педагогтер оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға рефлексия жасап, өз жетістіктері мен алдағы оқу жылында жетілдіруді қажет ететін бағыттарды атап өтті.

Педагогтер әдістемелік қолдауды жалғастыру, тәжірибе алмасу, заманауи әдістерді қолдану және шығармашылық жобаларды көбейту жөнінде ұсыныстар білдірді.

Педагогтердің кәсіби даму нәтижелері қарастырылды.

Оқу жылы барысында педагогтердің әдістемелік кеңестерге, семинарларға, шеберлік сыныптарға, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге және тәжірибе алмасу жұмыстарына қатысканы айтылды.

Балалардың даму мониторингінің қорытындысы қарастырылды.

Балалардың оқу жылы басындағы және соңындағы даму көрсеткіштерінің динамикасына талдау жасатып, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілген педагогикалық жұмыстардың нәтижелері талқыланды.

Педагогтердің оқу жылындағы тиімді тәжірибелерін жинақтау және тарату мәселесі қарастырылды.

Педагогтердің шығармашылық жұмыстары, ұйымдастырылған іс-әрекет үлгілері, әдістемелік материалдары және балалармен жүргізілген жобалары жинақталатыны айтылды. 2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары талқыланды.

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, балалардың функционалдық сауаттылығының бастапқы дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеттерін қолдау, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану, ата-аналармен серіктестік орнату және баланың жеке дамуына бағытталған педагогикалық қолдауды күшейту ұсынылды.

Қаулы:

1. 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жылдық жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Тиімді педагогикалық тәжірибелер жинақталып, келесі оқу жылында пайдаланылсын.
4. Балалардың даму мониторингінің қорытындылары оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатында ескерілсін.
5. Әдістемелік кеңес отырыстарында қабылданған шешімдердің орындалуы жүйелі бақылауда болсын.
6. 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын әзірлеу барысында педагогтердің ұсыныстары ескерілсін.
7. Әдістемелік кеңестің жылдық жұмысы қорытындыланып, құжаттары белгіленген тәртіппен жинақталсын.

Әдістемелік отырыс төрайымы:



Лекерова Р.А.

Хатшы:



Боташова У.Ж.